

Қан айналымының бұзылуы

Орындаған: Досмухамет Д.Б
Тексерген: Атанбаева Г.К

Жоспар:

1. Қанмен толудың бұзылыстары - артериалдық және веноздық толақандылық, қан аздық.
2. Қан тамырлар қабырғасының өткізгіштігінің бұзылыстары - қан құйылу, қан кету, плазморрагия.
3. Қанның реологиялық бұзылыстары - стаз, сладж-феномен, тромбоз, эмболия

○ Толақандылық:

артериялық толақандылық:
физиологиялық және патологиялық
(жалпы және жергілікті)

Жалпы артериялық толақандылық – эритремия немесе плетора деп аталады. Бұл кезде қанның мөлшері де, эритроциттердің мөлшері де қалыптан тыс артып кетеді. Қан қоюланып, оның ағымы қиындайды.

Жергілікті толақандылыққа:

- Ангионевроздық;
- Коллатералдық;
- Вакаттық;
- Қабынуға байланысты;
- Анемиядан кейінгі гиперемия;
- Артерия-веналық саңылау нәтижесінде пайда болған гиперемия түрлеріне бөлінеді.

- **Веналық толақандылық** - қанның ағзадан ағып кетуі баяулайды, келуі қалыпты немесе төмен.
- Түрлері: жалпы және жергілікті.
- **Жалпы веналық гиперемия** - жедел немесе созылмалы болып бөлінеді
- Осыған сәйкес жедел немесе созылмалы жүрек жетіспеушілігінде кездеседі.

ЖЕДЕЛ ВЕНАЛЫҚ ГИПЕРЕМИЯ СЕБЕПТЕРІ

- Желед жүрек жетіспеушілігі
- Миокард жиырылуының жетіспеушілігі
- Миокард инфаркты
- Жедел миокардитте

ЖВГ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

- Плазмалық сіңу
- Ісіну
- Диапедездің қан құйылу
- Дистрофия
- Некроз

СОЗЫЛМАЛЫ ВЕНАЛЫҚ ГИПЕРЕМИЯ СЕБЕБІ

- Жүректің созылмалы аурулары
- Ақаулар
- Жүректің ишемиялық аурулары
- Созылмалы миокардит
- Кардиомиопатиялар
- Эндокард фиброэластозы

СВГ МИКРОСКОПИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

- Плазмораггия
- Ісіну
- Қанқұйылу
- Дистрофия
- Некроз
- Атрофия
- склерозқ

СВГ МАКРОСКОПИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Төмендегі ағзаларда цианоздық индурация (қатаю) дамиды

- терде
- бүйректерде
- бауырда
- өкпеде
- көкбауырда

- **СВГ бауырда** - «мускат жаңғағы» тәрізді көрініс дамып, ол мускат циррозына өтуі мүмкін.
- **СВГ өкпеде** - өкпенің қоңыр индурациясы (қатаюы) деген патология дамып, ол пневмосклерозға соқтыруы мүмкін.

Аурулардың еріні, беті көгеріп (акроцианоз), өкпесінде дымқыл сырыл пайда болады. Аяқтары, бүкіл денесі күптей болып ісіп кетеді (анасарка).

Дененің қуыстарында **сұйық зат (транссудат)** жиналып қалады.

Құрсақ қуысында жиналып қалған сұйықтықты **асцит** деп атаймыз, плевра қуысында - **гидроторакс**, перикард қуысында - **гидроперикардиум** деп аталады.

ҚАНАЗДЫҚ (ИШЕМИЯ)

Түрлері: жалпы және жергілікті.

- Жалпы - геморрагиядан кейінгі қаназдық;
- Себебіне байланысты:
 - Ангиоспазмдық;
 - Обтурациялық;
 - Компрессиялық;
 - Қанның қайта бөлінуі нәтижесінде дамыған қаназдық.

Қанағу деп - қанның қан тамырларынан ішкі немесе сыртқы ортаға шығуын айтамыз. Осыған сәйкес ішкі және сыртқы бөлінеді

Ішкі қан ағу;

- **Гемоперикард**
- **Гемоторакс**
- **Гемоперитонеум**

Сыртқы қан ағу;

- **Қан түкіру**
- **Мұрыннан қан кету**
- **Қан құсу**
- **Нәжіспен қан шығу**

Себептері:

- Қан тамырларының жыртылып немесе жарылуы;
- Қан тамырлары кемерінің іріп ыдырауы немесе жегіленуі;
- Диапедез нәтижесінде қан кету.

Тінге қан кету - қан құйылу д.а.

қанның бір жерге жиналып ұйып қалуы гематома
д.а. геморрагиялық сіңбелер

Түрлері:

петехиялар, экхимоздар, қанталау.

Қанағудың түрлері:

1. Артериялық, веналық және капиллярлық;
2. Сыртқы қанағу;
3. Ішкі қанағу (гемоперикард, гемоперитонеум, гемоторакс).

Қан құйылу - қанның бір жерге жиналып қалуы (гематома).

Түрлері:

петехиялар, экхимоздар, геморрагиялық сіңбелер, қанталау.